



## Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

25.05.2022 жыл №18

### Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс он жетінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс он жетінші сессиясы 2022 жылғы 2 маусымда, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы  
Б.Байғараев

### Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының жетінші шақырылымындағы кезектен тыс он жетінші сессиясы 2022 жылғы 2 маусымда, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 2 маусымда, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2022 жылғы 2 маусымда, сағат 10.00-де өткізіледі.

### Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылды:

Созақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №74 «2022 - 2024 жылдарға арналған ауылдық округтер және кенттер бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат хатшысы  
Б.Байғараев



## АРПАӨЗЕН ТАҢБАЛЫ ТАСТАРЫНА АРХЕОЛОГТАР ЭКСПЕДИЦИЯСЫ БАРДЫ

ҚР Рәміздерінің 30 жылдығына орай Түркістан облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен тарихшы ғалымдар мен археологтардан құралған экспедиция Созақ ауданына, Арпа өзен бойындағы таңбалы тастар тарихымен танысуға барды.

Экспедиция құрамында облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, тарих ғылымдарының докторы, РК ҰҒА академигі Бауыржан Байтанаев, қазақстандық суретші-реставратор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Қрым Алтынбеков, қазақстандық кинорежиссер, Канн фестивалінің лауреаты Сергей Дворцов, жергілікті археологтар мен созақтық жергілікті тарихшылар, журналистер болды. Аталмыш мәнді шараны жергілікті жерде өз деңгейінде өтуіне, ұйымдастырылуына аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыпалды, ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Мерей Ниязәлі, жастар орталығының жетекшісі Жеңіс Төлепбергенов және мекеме, бөлім басшылары белсенді қызмет жасады.

Таңбалы тастардың шығу тарихы мен оның тәуелсіз Қазақстан рәміздерімен байланысын атап өткен облыс әкімінің орынбасары С.Қалқаманов шара ашылуында сөз сөйлеп:

“Рәміздер тарихы алғашқы қоғамда тотемге табынудан бастап, кейін түркілер дәуіріндегі көк бөріге табыну, Орта ғасырдағы хандықтар мен патшалықтардың елтаңбалары мен жалаулары және теңгелеріндегі айшықты белгілерімен сабақтасады. Қазіргі кезде еліміздің мемлекеттік рәміздері оның бетке ұстар құжаты, бірегей негіздері мен салт-дәстүрін айқындап көрсетеді. Мемлекеттік рәміздер-мәдениетіміз, тарихымыз бен менталитетіміздің көркем туындысы.

Бүгінгі Арпаөзен таңбалы тастарына жасаған экспедиция мақсаты да - осы ежелгі заманнан келе жатқан символиканың XXI ғасырдағы тәуелсіз Қазақстанның рәміздерімен тығыз байланысын насихаттау”, деп атап өтті.

Петроглифтерді зерттеп жүрген ғалым Бауыржан Байтанаев Арпа өзендегі таңбалы тастарды кеңінен насихаттау үшін туризм кластерін дамыту керектігін айтты. “Киелі Созақ жерінде орналасқан Арпаөзен-Қойбағар таңбалы тастары

немесе Арпаөзен-Қойбағар петроглифтері-қола дәуірінен сақталған құнды ескерткіштер, жартасқа таңбаланған суреттер. Біз осы тарихи жәдігерді кейінгі ұрпаққа жеткізуде вандалдардан қорғауымыз керек. Ол үшін бұл жерде туризмді дамытып, петроглифтерді ЮНЕСКО тізіміне енгізу керек”, деді. Қола

қорғауға алуды ұсынды. Жергілікті өлкетанушы, тарихи орындардың жанашыры ретінде бұл тарихи орынға сондай-ақ Қойбағар петроглифтерін де енгізу, сонымен бірге аталмыш аумақтарды қорғау, сақтау мақсатында «Қорғалған аймақ!» деген бағытта белгі қою, алдағы уақытта Арпаөзен-Қойбағар петроглиф-



дәуірінен бері сақталған құнды ескерткіш-«Арпа өзен таңбалы тастары» Созақ ауданы Абай қыстағының оңтүстік-батысында 7 км жерде, Қаратаудың Келіншеқтау деген жотасынан бастап алатын кішірек Арпаөзен бойында орналасқан.

Қазақстан ғылым академиясының археология экспедициясы зерттеген. Суреттердің жалпы саны- 3,5 мың. Негізгі сюжеттері аңшылыққа, жаугершілік тақырыпқа және жан-жануарлар тіршілігіне арналған. Қос аяқты ат, өгіз және түйе жеккен соғыс және шаруашылық арбалары кездеседі. Ескерткіш біздің замандардан бұрын 1-2-мыңжылдыққа жатады. Тарихқа үңілсек, Арпаөзеннің жоғарғы ағысындағы жартас бетіндегі суреттер жайлы алғашқы хабарлама «Туркестанские ведомости» газетінде 1905 жылы жарияланды. 1924 жылы бұл

тері деп қосарлана айтылу керектігін облыс әкімінің орынбасары Сәкен Амангелдіұлына құлаққағыс еттім. Рәміз сөзі мен бәдіз сөзі егіз ұғым. Бәдіз-бұл тасқа қашап, ойып, түрлі ескі дәстүрлі шеберлердің қолданған әдістері бойынша тасқа белгі салу болса, рәміз алтын, күміс, қола, мыс және келкен ағаштарға, қабырғаларға ойып белгі салу немесе таңба салу болып табылады.

Экспедиция сапарының қорытындысымен алдағы уақыттарда Созақ ауданындағы тарихи нысандарды туристерге насихаттау мақсатында “Шығыс сақинасы” тұжырымдамасы жасалады. Сондай-ақ Түркістанда маусым айының басында ҚР Рәміздерінің 30 жылдығына орай Арпаөзен петроглифтерінің суреттерінен фотокөрме өтетін болады.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



5 МАУСЫМ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ		КОНСТИТУЦИАЛЫҚ өзгерістердің АЙҚЫН 10 көрінісі	
№	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция	
6-бап 3-т.	3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.	
15-бап 2-т.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. <b>Өлім жазасы заңмен белгіленеді</b>	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. <b>ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.</b>	
43-бап	<i>Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ</i>	3. Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде СЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИІС. 4. Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.	
46-бап 4-т.	4. Қазақстанның Тұңғыш-Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.	4. АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН	
50-бап 3-т.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ.	

№	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция	
VI бөлім	Конституциялық кеңес	Конституциялық СОТ	
72-бап	<i>Қолданыстағы редакцияда мұндай мүмкіндіктер жоқ</i>	3. КОНСТИТУЦИАЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.	
83-1-бап ЖАҢА	<i>Қолданыстағы редакцияда мұндай институт жоқ</i>	1. Қазақстан Республикасындағы АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ АДАМНЫҢ және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.	
87-бап 4, 5-т.	4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗІЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.	
91-бап 2-т.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасының мәртебесі өзгермейді.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады. <i>Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады</i>	

## Сауапты іс

Жақсылардың жалпақ жұртқа жасаған жақсылығын жақтаған жандар, «Жақсылыңның жақсылығын айт, нұры тасысын!» деп риза болып айтады екен ғой. Осы тәмсілдің ауыл тұрғындарының көбірек айтуларына себеп болған, Созақ мектеп гимназиясының 2002 жылы бітірген түлектері, 1985 жылы дүниеге келген перзенттері еді. Олар сонау 2002 жылы он жылдықты бітіріп, Алтын ұя мектептерімен қоштасып бірі Астана, бірі Алматы, бірі басқа да қалалар мен аудандарда өмір жолын бас-



## Жарық, әрі жанға жайлы жайды тарту етті

тап, еңбек жолдарына түскендер. Арада он тоғыз жыл өткенде, яғни, өткен жылы барлық кластар бас қосып «20-жылдықты қалай қарсы аламыз?», «Елге не істесек болады?», «Қандай ұсыныс, пікірлерің бар?», «Қандай ойларың бар?» деген сауалдарды ортаға салып, ары-бері ақылдасқан болатын. Ақырында бір тоқтамға келіп, барлығы бәтуаласып істі бастап кетеді. Бес бөлмелі, шағын, жинақы бөлмелер, үй бөлмелері соңғы үлгідегі, заманауи нақышта өрнектенген.

Быттыр құрлысы басталған үй кешегі күні толықтай аяқталып, жаңа иесін күтіп тұрды. Бүгін сол аталмыш шараға аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудандық мәслихаттың хатшысы Бегімбет

ниеге келген жігіттер! Сендердің бүгінгі жасаған жақсылықтарың мені ғана емес, бүкіл қазақ даласына тарап, мол ризық пен жақсылыққа кенелтіп, еңсені басқан көңіл күйді көкке көтеріп тастады. Жаңа тұрғын үйдің иесі Ахметова Салтанат аты қарындасымыз болады. Бота, Орынбасар, Аягөз аты ұл-қыздардың анасы болады. Үйдің кілтін үйді салған, сол жұмыстардың күндіз-түні басы-қасында жүрген азаматтар тапсырсын. Баршаңыздың отбасыларыңызға тек жақсы күндер нәсіп етілсін. Бүгінгі жасап жатқан игі бастамаларыңызды шын ниетіммен қолдаймын. Бұл кейінгі ұрпақ үшін зор өнеге, өшпес ғибрат, айта жүрер аңызға бергісіз ақиқат. Мына жүгіріп жүрген

ақыр соңына нағыз иесіне тапсырып көңілдеріңізді бір демдеп отырсыздар. Сіздерге аудан жұртшылығы атынан шын жүректен ыстық ықыласыммен алғысымды білдіремін,-деді аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков. Құттықтау сөзінен кейін аудан басшысы Салтанаттың балашағасына түрлі-түсті теледидарды тарту етіп, отбасы бақытын тіледі.

Үйдің үлкені Бота аздап науқастанып, қалып бір-екі жыл оқуын тоқтата тұрыпты. Ұлы Орынбасар мүмкіндігі шектеулі жандардың есебінде тұрады. Аягөз колледжде студент. Аналары осы балаларға берілетін жәрдемақымен өз күндерін көріп, күнелтіп отырған жайы бар.

Аталмыш шараның кейіпкерлері-1985 жылы туылған түлектер саны 33 жігіт екен. Барлығы ортадан қаржы жинап, осы бір жылдың ішінде үйді тұрғызып, іші-сыртын әрлеп, бар керек-жарқтарын, тіпті ваннаға дейін, кір жуатын машинасына дейін түгелдеген. Араларында Зағфар, Дәурен атты екі кластары өмірден ерте озған екен.

Үйдің кілті салтанатты жағдайда жаңа иелеріне табысталып, барлық жиылған қауымның қатысуымен әруақтарға ас беріліп құран бағышталды.

Салтанатты кілт тапсыру сәтінде жоғары да аттары аталған азаматтар баянды бастаманы қолдаған түлектерге өздерінің шынайы ризашылықтарын білдірді. Осы сәтте ауыл орталығында орналасқан 1985-ші жылғылар жабыла ұйымдастырған футбол ойыны жалғасын тауып жатты.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.



Байғараев, Созақ ауылының әкімі Батыр Аяпов, ауылдық ардагерлер бастауыш ұйымының төрағасы Мұрат Жақсыбаев, 1985 жылы туылған азаматтардың ата-аналары, бауырлары, ауыл-аймақ азаматтары, көршілері қатысып отырды.

«Құрметті жерлестер! Игілікті істі қолға алып, абыройлы аяқтаған 1985 жылы дү-

балалар ағаларының бүгінгі енегелі ісін қайталап, елдің қуанышы мен қызықшылығына куә болып жүре берсін. Бүгін мың сан жұмыстан уақыт тауып қуаныштарыңызға ортақтасқалы келдім. Жалынды жігіттерге аудан жұртшылығы атынан алғыс айтқалы келдім. Осы бастаманы ойластырып, қолдап,

## РЕФЕРЕНДУМ ТЕҢДЕЙ МҮМКІНДІККЕ БАСТАМА

Береке-бірлігімізді сақтама-сақ, жетістіктеріміздің бәрінен айырылып қалуымыз мүмкін, қаңтардағы дүрбелең кезінде бұған көзіміз анық жетті, деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл оқиғалар ел дамуын жаңғыртуға жаңаша серпін беру керектігін көрсетті. Бұрын-соңды болмаған қауіп-қатермен бетпе-бет халық мемлекетіміздің тұтастығы мен егемендігіне зор қауіп төнгенін түсінді, тәуелсіздіктің қадірін жете сезінді. Татулық пен

тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшіліктің маңызын түсінді, ел бірілігіне ірікті салушылардан мемлекетті қорғап қалды.

Қазақстан Президенті қоғам мен мемлекеттің елді басқару ісінде қоян-қолтық араласып, үйлесімді жұмыс атқаруын көздейтін реформаларды референдумға шығару туралы шешім қабылдады. Референдумда азаматтар Қазақстан Конституциясына енгізілетін өзгерістерге қатысты өз пікірін



білдіреді.

Халықтың көпшілік дауысымен референдумда аталған реформалар қабылданған жағдайда мәселен, азаматтардың саяси бәсекелестігі артады: Мәжіліс депутаттығына партиялық тізім бойынша ғана емес, өзін-өзі ұсынушы ретінде де сайлана алады. Осыған дейін партияда болмаған азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын. Бұдан былай мажоритарлық жүйе бойынша әр

өңір Парламенттің төменгі палатасына кемінде өзінің бір депутатын сайлай алады.

Қазақстанда әр адамға теңдей мүмкіндік беретін саяси жүйенің үстемдік құрғанын қаласаңыз референдумға барыңыз!

**Нұрбай ДОСАНОВ,**  
ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының Түркістан облысы бойынша филиалының аға оқытушысы, ғылым магистрі.

Түркістан облыстық Қоғамдық штаб төрағасы ретінде менің алдыма Ата Заңымызға енгізілгені отырған нормалар пакеті бойынша бұқаралық ақпарат құралдары бетінде жарияланымдар топтамасын жүйелі түрде халықтың назарына ұсыну міндеті қойылып отыр.

Осыған байланысты бүгінгі басылымда Конституцияға енгізілетін азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін күшейту туралы нормаға қатысты ақпарат беруді жөн санап отырмын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің соңғы отырысында «Мен адам құқықтарын қорғау бағытына ерекше назар аударамын, өйткені оның жай-күйі, сайып келгенде, біздің қоғамның даму деңгейіне әсер етеді», - деп атап өтті.

Біз құқықтық және әділ мемлекет құру жолымен кезең-кезеңімен ілге-

Кеңестің орнына Конституциялық Сот құру арқылы конституциялық бақылау жасау институты жаңғыртылады.

Өлім жазасын жою туралы шешім конституциялық деңгейде түпкілікті бекітіледі.

Бұл бастама Қазақстанда өлім жазасын қолдану саласын кезең-кезеңімен қысқарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың нүктесі болып табылады. Елімізде өлім жазасы ешқандай дау-дамайсыз жойылғаны белгілі. Ол туралы заңда қабылданды, сөйтіп, Қазақстан өлім жазасына заң түрінде тыйым салынған елдер қатарына қосылды.

ҚР Конституциялық Кеңесінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысында ҚР Конституциясы мен халықаралық актілері демократиялық қоғамның негізгі құндылығы ретінде өмір сүру



**Қ.Р.БАЛАБИЕВ,**  
Референдумды қолдау жөніндегі облыстық штаб төрағасы, Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы.

тылыққа тартуға болмайды. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.

Осылайша Конституцияның жаңа 83-1-бабының нормалары Адам құқықтары жөніндегі уәкілге иммунитет береді. Ол азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау кезінде қандай да бір өзге мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға тәуелді болмайды, ешкімге есеп бермейді. Ол өз жұмысында Конституциялық Сотқа жүгіне алады.

Адам құқығы – Конституцияның басты принципіне айналған. Мемлекет аумағындағы кез-келген адам мемлекет тарапынан қорғауға алынады, ал оның құқықтары мен бостандықтары мемлекетпен кепілдендіріледі.

Қазақстан Республикасы Конституциясының «Адам және азамат» деп аталатын II бөліміндегі 24-бабының 1-тармағы: «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі» деген редакцияда болса, ендімі-

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: Азаматтардың құқығын қорғау тетіктерін күшейту

рілеп келеміз. Жалпы, елімізде адам құқықтарын қорғау мәселесіне егемендік алған алғашқы жылдардан-ақ ерекше назар аударылып келеді. Ел дамуының ең маңызды құжатына айналған Конституцияға енгізілгені отырған өзгерістер мен толықтырулар осының айғағы.

Өзгерістерге сәйкес, Конституциялық Кеңес Конституциялық Сот болып қайта құрылады. Әлемдік тәжірибеде Конституциялық Соттар кеңінен дамыған, ел дамуында өзінің оң әсерін көрсетіп келе жатқан институттардың бірі. Конституциялық Соттың басты міндеті – Конституциялық бақылау болып табылады.

Бірқатар озық елдердің тәжірибесі бойынша елімізде қайта құрылғалы отырған Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша олардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайтын болады. Бұл орган қазақстандықтардың Конституциялық құқығының қорғалуын жақсартта түседі.

Конституциялық Сот 11 судьядан тұратын болады (қазіргі Конституциялық Кеңестің 7 мүшесі бар). Конституциялық Соттың құрамы мынадай тәсілмен жасақталады: 6 судьяны Парламент (Мәжіліс пен Сенаттың әрқайсысы 3 судьядан), 4 судьяны Президент тағайындайды. Конституциялық Соттың төрағасын Сенаттың келісімімен Президент тағайындайды.

Жалпы, қазіргі Конституциялық

құқығын таниды, оның үстем мәртебесін айқындайды және қандай да бір айырмашылықтарсыз барлық адам үшін осы құқыққа кепілдік беруге жөніндегі мемлекеттің міндеттемелерін белгілейді. Республика Конституциясына сәйкес адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы болып табылады. Халықаралық құқықта өлім жазасын жою үрдісі айқын көрсетілген. Бұл шын мәнінде адамның өмірі мен құқықтары демократиялық мемлекеттерде ерекше құнды болып табылатындығының көрсеткіші.

Бүгінде Қазақстанда азаматтардың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау, олардың құқықтарын қорғау, заң үстемділігін қамтамасыз ету бойынша ауқымды шаралар іске асырылуда.

Ел Президенті Қ.К.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Бізге азаматтардың құқығын заманауи тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ететін және жоғары халықаралық талаптарға жауап беретін үлгі керек...», «Прокурор жиналған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беруге, азаматтар құқығын бұзудың жолын кесуге, кінәсіз адамдардың қылмыс үдерісіне тартылуына жол бермеуге, сотта айыптау жағын қолдауға міндетті», - деп айтып өткен болатын.

Бәрімізге мәлім, прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағала-

уды жүзеге асыратын, сот мүддесін білдіретін және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын орган болып табылады. Ендігі мақсат - аталған органның пәрменділігін көтеру.

Прокуратура туралы Конституциялық заң прокуратура органдарының құқықтық мәртебесін, құзыретін және қызметін ұйымдастыру мәселелерін қамтитын болады. Бұл құқық қорғау қызметінің жүйелі жұмыс істеуін және заңда белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуын қадағалауды күшейтуге тиіс.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заңға конституциялық мәртебе, сонымен қатар Адам құқықтары жөніндегі уәкілге конституциялық кепілдіктер беріледі. Оның ішінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді. Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттілігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауап-

надай жаңа редакцияда жазу ұсынылып отыр: «1. Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.». Яғни, байқағанымыздай еріксіз еңбекке қандай жағдайларда жол берілетіні туралы норма өзгеріп, «Сот үкімі бойынша» енді «кінәлі деп тану туралы сот актісі негізінде» деп айтылатын болады. Жалпы, бұл нормаға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін сотталған адамның материалдық мүмкіндіктері ескеріле отырып, оған айыппұл төлеу, мәжбүрлі жұмысқа жіберу немесе жаза ретінде бас бостандығын шектеу шаралары қолданылады.

Қолданыстағы Конституцияның алғашқы бабында «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп тайға таңба басқандай жазылған. Яғни елімізде адам бірінші орында. Өзге мемлекеттер де Қазақстанды адам құқығын қамтамасыз ететін егемен ел деп таниды. Сондықтан да Конституциямызға енгізуге ұсынылып отырған азаматтардың құқығын қорғау бойынша өзгерістер мен толықтырулар Ата Заңымыздың салмағын арттырады сөзсіз. Себебі адам құқығы қашанда ең биік құндылық болып қала береді.

## НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Созақ ауданының маслихат депутаттары, «AMANAT» партиясының аудандық штаб мүшелері Нұржамал Майусова, Гүлшат Есмұратова Шолаққорған ауылында «Ақниет» сауда орталығында тұрғындарымен кездесіп, жалпыұлттық референдум өткізу шараларына дейінгі халықты ақпараттандыру жұмыстарын жүргіздік.

Кездесуде референдумда қаралатын мәселелер, Ата Заңда орын алатын өзгерістер жайында түсіндірме бердік. Яғни, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы бойынша биылғы 5 маусымда республикалық референ-

дум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

«Конституциялық реформа – Президенттің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған саяси реформалар бағдарламасын жүзеге асыру үшін қолға алынған маңызды іс-шара. Конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұранысына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылмақ. Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасын белгілі заңгер-құқықтанушылар және конституциялық құқық саласының мамандары әзірледі. Оған Конституциялық Кеңес оң бағасын берді.



Сондықтан барша аудан тұрғындарын референдумға бір кісідей ұйымшылдықпен қатысуға шақырамыз. Бірлігіміз, елдігіміз арта берсін. Ынтымағымыз жоғалмасын ағайын!

Сонымен қатар «Ақниет» дүкенінің жұмыс барысымен танысып, азық-түлік, шаруашылық тауарлардың бағасына мән берілді. Тұрғындар, тауарлардың сапасына көңілдері толатынын айтып, дүкеннің иелері Нұрболат пен Майраға ризашылықтарын жеткізді. Кәсіп иелеріне бүкіл елде болып жатқан қымбатшылықты назарға ала тұрып, күнделікті тұтынатын азық-түліктің, шаруашылық заттардың бағасын тым шарықтата бермей, халықтың қалтасы көтеретін деңгейді ұстауды ұсындық.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

# Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 19 – 20 мамыр күндері Қаратау, Қарақұр, Созақ, Сызған ауылдарында халықпен есепті кездесулер өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтерде өткен жиындарға 540 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдаулар өткізді. Жеке қабылдауда 9 адам болды. Олар: жұ-

мыссыздық, жер, тұрғын үй, жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді.

«БЕКІТЕМІН»  
Созақ ауданының әкімі  
М.Тұрысбеков  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 жыл

## Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
		<b>Қаратау ауылдық округі</b>	
1	Бақырлы елді мекеніне спорт алаңын салуға құжаттарды әзірлеу	Жыл соңына дейін	А.Сатыбалды, Е.Айдарбеков, Н.Балаубекова, Ж.Борсабаев, О.Ермахан
2	Бақырлы елді мекенінің Шоланбай көшесіне жарықтандыру жүргізуге қаржы қарастыру	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, О.Ермахан
		<b>Қарақұр ауылдық округі</b>	
1	Қарақұр елді мекенінің Үсенбай көшесіне жарықтандыру жүргізуге қаржы қарастыру	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, О.Жәмиев
2	Шаға елді мекеніндегі медициналық бекеттегі жылыту жүйесіне берілетін электр энергиясының қуаттылығын арттыру	Маусым 2022 жыл	А.Сатыбалды, Б.Мырзагелдиев (келісімі бойынша), Ф.Жүсіп (келісімі бойынша) О.Жәмиев
		<b>Созақ ауылдық округі</b>	
1	Ыбырай елді мекеніндегі Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебіне жаңа ғимарат салуға қаржы қарастыру	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Н.Айдаров (келісімі бойынша) Б.Аяпов
2	Ыбырай елді мекеніндегі спорт алаңшасына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге құжаттар әзірлеу	Шілде 2022 жыл	А.Сатыбалды, Ж.Борсабаев Б.Аяпов
3	Заңға сәйкес Қошқар ата су тоғанын мемлекет меншігіне алу жұмыстарын ұйымдастыру	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Қ.Мейірманов Б.Аяпов
		<b>Сызған ауылдық округі</b>	
1	Қозмолдақ елді мекенінің Қойбаев көшесінің электр желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу	Жыл ішінде	А.Сатыбалды, Д.Байзақов Ф.Жүсіп (келісімі бойынша) Х.Нұртан
2	Қозмолдақ елді мекенін ауыз сумен толық қамтамасыз етуге қосымша насос алу жұмыстарын ұйымдастыру	Маусым 2022 жыл	А.Сатыбалды, Д.Байзақов Ф.Нышанбаев, Х.Нұртан
3	Қозмолдақ елді мекенінің электр жарығының өткізу жылдамдығын жақсарту үшін қосымша трансформатор орнату жұмыстарын ұйымдастыру	Қыркүйек 2022 жыл	А.Сатыбалды, Д.Байзақов Ф.Жүсіп (келісімі бойынша) Х.Нұртан

## «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – конкурс) адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурс осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзімдерде жарияланады және «Қазақстан Республикасындағы мерекелік күндердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына сәйкес Отбасы күніне орай қорытындыланады.

### Конкурсты өткізудің мақсаттары:

1) отбасы институтын, адамгершілікті, руханиятты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын тану;  
2) ата-аналардың бала тәрбиелеу-

дегі жауапкершілігін арттыру;

3) отбасылық құндылықтарды, кәмілетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттау;  
4) қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

2. Конкурсқа отбасылар өзін-өзі ұсыну жолымен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша қатысады.

3. Конкурсқа қатысуға мүшелерінің еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) отбасылар жіберіледі.

4. Мыналар:

1) қызметі Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған

ұйымдардың құрамына кіретін (кірген) мүшелері бар;

2) бұрын сотталған мүшелері бар отбасылар конкурсқа қатыса алмайды.

### 2-тарау. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

5. Конкурстың екінші кезеңін (анкеталық іріктеу) Түркістан облысы бойынша ұйымдастырушы Түркістан облысы әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия болып табылады.

Аудан, қала әкімдіктері тұрғындар арасында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізіп, төменде көрсетілген критерийлерге сәйкес әрбір аудан, қала әкімдіктері бойынша кемінде 2 «үлгілі отбасыны» анкеталық іріктеу кезеңіне ұсынуы тиіс.

6. Конкурсты өткізу туралы ақпа-

раттық хабар бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында жыл сайын 15 мамырдан кешіктірілмей жарияланады.

7. Конкурс екі кезеңде өткізіледі. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – облыстық.

8. Жергілікті атқарушы органдар облыстарда, қалаларда, аудандарда мүдделі мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен өткен жылдардағы конкурс лауреаттары арасынан конкурстың жеңімпаздарын анықтау бойынша комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады, сондай-ақ ол туралы ережені, іріктеу өлшемшарттарын және конкурсты өткізу форматын бекітеді.

(Жалғасы 5-бетте).

(Соңы. Басы 4-бетте).

9. Осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінім аудандық (қалалық) комиссияға жыл сайын конкурстың басталғаны туралы көпшілікке жарияланған күннен бастап бір ай ішінде, қағаз немесе электрондық нұсқада мынадай құжаттармен қоса беріледі:

1) ата-аналардың (қорғаншылардың, қамқоршылардың) жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;

2) асырап алушы (қорғаншы) отбасылар үшін — жергілікті уәкілетті органның көмелетке толмаған балаға қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу туралы шешімінен үзінді көшірмесі;

3) неке қию туралы куәліктің көшірмесі;

4) ата-аналарының біреуі қайтыс болған жағдайда, қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі (бар болса);

5) балаларды тәрбиелегені үшін мадақтаулардың, белгілі бір жетістіктері үшін алған мадақтаулардың бар екенін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

6) заңды және (немесе) жеке тұлғалардың ұсыным хаттары (кемінде екеу);

7) отбасы мүшелерінің еңбектегі, спорттағы, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жоғары жетістіктерін куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

8) қоғамдық пайдалы қызметке (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) қатысуды растайтын құжаттардың көшірмелері;

9) дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі.

Ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін отбасылар ұсынған түпнұсқалар негізінде аудандық (қалалық) комиссияның төрағасы куәландырады.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда, аудандық (қалалық) комиссия өтінім берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды конкурсқа қатысуға ниет білдірген отбасына қайтарады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген отбасы ұсынылған құжаттар қайтарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде пысықталған өтінімді қайта береді.

10. Құжаттарды көрсетілген мерзімнен кейін ұсынған отбасылар конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

11. Аудандық (қалалық) комиссияға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

12. Ұйымдастырушылар:

1) барлық отбасыларға тең жағдайды және оларды іріктеудің ашықтығын;

2) жеке құпия болып табылатын ақпараттың жасырын болуын;

3) конкурс нәтижелері туралы мәліметтердің олар ресми жарияланатын күннен бұрын таралып кетпеуін қамтамасыз етеді.

13. Аудандық (қалалық) комиссия конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау аяқталған кезден бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде алынған ақпаратты жан-жақты тексеруді жүзеге асырады, іріктеу жүргізеді және екі отбасыны айқындайды, одан кейін екі жұмыс күні ішінде аудандар (қалалар) әкімдерімен келісілген өз шешімдерін конкурстық құжаттармен бірге облыстық комиссияларға жібереді.

реді.

14. Облыстық комиссиялар аудандық (қалалық) комиссиялардан құжаттарды алған кезден бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қажет болған жағдайда ұсынылған құжаттарға қосымша тексеруді жүзеге асырады, іріктеу жүргізеді және жеңімпаз бір отбасын айқындайды, одан кейін екі жұмыс күні ішінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) әкімдерімен келісілген өз шешімдерін конкурстық құжаттармен бірге ұйымдастыру комитетіне жібереді.

15. Комиссиялар үздік отбасыларды айқындау туралы шешім қабылдау кезінде мынадай өлшем шарттарды басшылыққа алады:

1) отбасы мүшелері жетістіктерінің саны мен маңызы (отбасы тарихы визит карточкасы-таныстыру рәсімі);

2) отбасылық дәстүрлер және жәдігерлер;

3) отбасының рухани-адамгершілік құндылықтары;

4) балаларының және немерелерінің жетістіктері (бар болса);

5) ата-аналарының үлгі тұтарлық жетістіктері;

6) отбасы құрамы (отбасы мүшелерінің саны – бір аумақта бірге тұрып жатқан бірнеше ұрпақтың өкілдері);

7) отбасының дарындары;

8) отбасының тұрмыс салты (салатты өмір салты, бос уақыты);

9) қоғамдық-пайдалы қызметке (волонтерлікке, қайырымдылыққа, меценаттыққа) қатысуы;

10) жетім балаларға қамқоршылық, тәлімгерлік.

16. Комиссияның әрбір мүшесі отбасыларды балдық жүйе бойынша

бағалайды (1-ден 10-ға дейін).

Өлшемшарттардың бірі бойынша ақпарат болмаған жағдайда, аталған өлшемшарт бағаланбайды.

Балдардың жалпы саны тең болған жағдайда, түпкілікті шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

17. Мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда, комиссия мүшесі бұл туралы комиссияны хабардар етеді және дауыс беруді өткізуге жіберілмейді.

18. Комиссиялардың отырыстары жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында онлайн-трансляция режимінде өткізіледі.

19. Ұйымдастыру комитеті облыстық комиссиялардан құжаттарды алған кезден бастап он жұмыс күні ішінде жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін дайындау үшін материалдарды мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындайтын заңды тұлғаға жібереді.

20. Облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

21. Конкурс лауреаттарын марапаттау рәсімін жыл сайын ұйымдастыру комитеті Отбасы күні қарсаңында салтанатты түрде диплом және ерекшелік белгісін (мүсінше) тапсыра отырып өткізеді.

22. Конкурсқа қатысушылар туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ конкурсты ұйымдастырушылардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

23. Конкурс лауреаты атағы қайталап берілмейді.

# «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсының Тұжырымдамасы

## Кіріспе

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы (бұдан әрі – конкурс) адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған. Конкурс 15 мамырдан кешіктірмей жарияланады. Конкурс өткізу туралы ақпараттық хабарлама БАҚ-та, сондай-ақ АҚДМ-нің, ЖАО-лардың және басқа да әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда жарияланады. Конкурсты өткізудің мақсаты:

1) отбасы институтын, адамгершілікті, руханиятты нығайту, жауапты ерлі-зайыптылықтың маңызын таңу;

2) ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру;

3) отбасылық құндылықтарды, көмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу, және кеңінен насихаттау;

4) қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау.

## Конкурсты өткізу тәртібі:

1. 2022 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын дайындау және өткізу бойынша жұмысты үйлестіру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің (бұдан әрі – ұйымдастыру комитеті) құрамын бекіту.

2. 2022 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру мен өткізуді ақпараттық сүйемелдеудің Медиа-жоспарын бекіту, сондай-ақ Конкурстың барлық кезеңдерін дайындау мен өткізуді үйлестіру.

3. 2022 жылғы 15 мамырда, сағат 10:00-де Ақпарат және қоғамдық даму министрінің төрағалығымен Ұйымдастыру комитетінің отырысы өтеді.

4. 2022 жылғы 15 мамырда Халықаралық Отбасы күні қарсаңында (International Day of Families) «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын өткізудің басталуы туралы «Хабар», «Хабар24», «Қазақстан» республикалық телеарналарында, «Таңшолпан» ақпараттық-музыкалық бағдарламасында, АҚДМ-нің ресми сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланады.

## Бірінші кезең - өңірлік, аудандық (қалалық) деңгейде:

1. 2022 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде мүдделі мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар,

қоғам қайраткерлері мен өткен жылдардағы аудандық (қалалық) турлар конкурсының лауреаттары қатарынан конкурс жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссияны (бұдан әрі – комиссия) құру және бекіту.

2. Комиссияның Ережесін, іріктеу өлшемшарттарын және конкурсты өткізу форматын бекіту.

3. 2022 жылғы 11 мамырдан кешіктірмей аудандарда (қалаларда) «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын дайындау және өткізу жөніндегі өңірлік комиссиялардың отырысын ұйымдастыру.

4. 2022 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру мен өткізуді ақпараттық сүйемелдеудің Медиа-жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Конкурстың барлық кезеңдерін дайындау мен өткізуді үйлестіру.

5. 2022 жылғы 11 мамырдан бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын жариялау бойынша «Қазақстан» РТРК-де және өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде («Мерейлі отбасы» арнайы айдарын ашу) ақпараттық-имидждік компания өткізу.

6. 2022 жылғы 15 мамырда «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінімдерді қабылдау туралы өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде хабарландыру.

7. 2022 жылғы 15 мамырдан бастап 2022 жылғы 15 маусымға дейін Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді аудандық (қалалық) комиссияға қағаз немесе электрондық нұсқада қабылдауды жүргізу. Қабылдаудың соңғы күні – 2022 жылғы 14 маусым.

8. 2022 жылғы 29 маусымға дейін (қатысу үшін құжаттарды қабылдау аяқталған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде) аудандық (қалалық) комиссия алынған ақпаратты жан-жақты тексеруді жүзеге асырып іріктеу жүргізеді және екі отбасын айқындайды.

9. Екі жұмыс күні ішінде аудандар (қалалар) әкімдерімен келісілген өз шешімдерін конкурстық құжаттармен бірге облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, Астана) комиссияларға жолдайды.

10. 2022 жылғы 1 шілдеде, сағат 10:00-де конкурстың бірінші іріктеу туры өткізу қорытындылары туралы Жергілікті атқарушы органдардың есептерін қабылдау бойынша «ZOOM» платформасында онлайн форматта ұйымдастыру комитетінің отырысын өткізу.

11. «Қазақстан» РТРК» АҚ-та және өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, «Айқын», «kazinform.kz»-те жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін дайындау, ақпараттық ілгерілету.

## Екінші кезең - облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана):

1. 2022 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде мүдделі мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен өткен жылдардағы облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астана-

ның) турлар конкурсының лауреаттары қатарынан облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) конкурс жеңімпаздарын айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрамын құру және бекіту.

2. Комиссияның ережесін, іріктеу өлшемшарттарын және конкурсты өткізу форматын бекіту.

3. 2022 жылғы 11 мамырдан кешіктірмей «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын дайындау және өткізу жөніндегі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) комиссиялардың отырысын ұйымдастыру.

4. 2022 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастыру мен өткізуді ақпараттық сүйемелдеудің Медиа-жоспарын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ Конкурстың барлық кезеңдерін дайындау мен өткізуді үйлестіру.

5. Комиссиялар аудандық (қалалық) комиссиялардан құжаттарды алған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде (қажет болған жағдайда) ұсынылған құжаттарды қосымша тексеруді жүзеге асырады, іріктеу жүргізеді және жеңімпаз бір отбасын айқындайды.

6. Комиссияның отырысын интернет-ресурста және жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарда онлайн- трансляция режимінде өткізу.

7. Отырыстан кейін екі жұмыс күні ішінде комиссия облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) әкімдерімен келісілген өз шешімдерін конкурстық құжаттармен бірге ұйымдастыру комитетіне жолдайды.

- Комиссияның әрбір мүшесі отбасыларды балдық жүйе бойынша бағалайды (1-ден 10-ға дейін).

- Критерийлердің бірі бойынша ақпарат болмаған жағдайда, бұл критерий бағаланбайды.

- Балдардың жалпы саны тең болған жағдайда түпкілікті шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

8. «Қазақстан» РТРК» АҚ-та және өңірлік телеарналарда, облыс, аудан (қала) әкімдігі аппаратының ресми сайттарында және интернет-ресурстарда, әлеуметтік желілерде, «Айқын», «kazinform.kz», облыстық газеттерде жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін дайындау, ақпараттық ілгерілету.

Үшінші кезең – Республикалық:

1. Ұйымдастыру комитеті облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) комиссиялардан құжаттарды алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде материалдарды ҚР Президентінің Әкімшілігіне жолдайды.

2. АҚДМ жеңімпаз отбасылар туралы бағдарламалар циклін дайындайды, «Хабар», «Хабар24», «Қазақстан» телеарналарында, «Таңшолпан» ақпараттық-музыкалық бағдарламасында, АҚДМ ресми сайтында, әлеуметтік желілерде жариялайды.

3. Отбасы күні қарсаңында ұйымдастыру комитеті Конкурс лауреаттарын салтанатты түрде марапаттау рәсімін ұйымдастырып, диплом мен айырым белгісін (мүсінше) табыс етті. 4.2022 жылғы 11 қыркүйекте Отбасы күні қарсаңында конкурс лауреаттарын салтанатты марапаттау рәсімі, диплом мен айырым белгісін (мүсіншені) табыстау тікелей эфирде көрсетілді.



## ПРОВОДИТСЯ КОНКУРС ПО ПЕРЕДАЧЕ В АРЕНДУ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ ПО СОЗАКСКОМУ РАЙОНУ

В соответствии со статьей 48 Земельного кодекса Республики Казахстан, «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района объявляет о проведении конкурса по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

Определены условия организации и проведения конкурсов по передаче в аренду земельных участков для ведения сельскохозяйственного производства.

1. Дата и место проведения конкурса: 19 июля 2022 года, 10-00 часов село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №16, здание аппарата акима Созакского района, второй этаж, малый зал. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8(72546) 4-27-69.

Дата и место приема заявок на конкурс (прием документов) принимается: с 27 июня 2022 года до 18 июля 2022 года (заканчивается 18.07.2022 год 18-00 часов) село Шолаққорғана, улица Жібек жолы дом №40, Государственное учреждение «Отдел земельных отношений Созакского района» акимата Созакского района.

2. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилия, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

3. Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агро технологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агро технологий, фитосанитарных и карантинных требований.

4. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до 19.07.2022 года до 10-00 часов». (указывается точная дата).

Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению.

Дата принятия заключения конкурсной комиссии 19.07.2022 года.

## СОЗАҚ АУДАНЫ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУ КОНКУРСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48 бабына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурсын өткізетінін хабарлайды.

Жер учаскелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің шарттары мен талаптары.

1. Конкурс өткізілетін күні және орны: 2022 жылы 19 шілде сағ 10- де. Созақ ауданы, Жібек жолы көшесі №16 үй, аудан әкімі аппараты ғимараты, екінші қабат, кіші залында өтеді. Қосымша ақпаратты 8(72546) 4-27-69 телефоны арқылы білуге болады.

Конкурсқа өтінімдері беру (құжаттарды қабылдау) күні және орны: 2022 жылдың 27 маусымынан – 18 шілдесіне дейін (18.07.2022 жыл сағ: 1800 - де аяқталады). Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі №40 үй, «Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдегі деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

4. Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы сала-сындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының өгіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттерді нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 19.07.2022 жылғы сағ 10-00- ге дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады.

Конкурстық комиссияның қорытындысы қабылданатын күні 19.07.2022 жыл.

## Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1-бабына сәйкес Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігі ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру жөніндегі конкурс жариялайды. КОНКУРС АРҚЫЛЫ ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Жер учаскесінің Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, (га)	Ауыл округі	Топырақтың сапалық сипаттамасы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Жалға беру мерзімі, жыл
1	Жайылым	685	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
2	Жайылым	1227	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
3	Жайылым	1000	Шу	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
4	Жайылым	1000	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
5	Жайылым	1000	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды-шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
6	Жайылым	1000	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
7	Жайылым	700	Тасты	Сұр-қоңыр шалғынды шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
8	Жайылым	1000	Тасты	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	15
9	Жайылым	1500	Тасты	Шалғынды сортаң, тақыр тәрізді жоталы құм	7,0	мал шаруашылығы	15
10	Жайылым	1000	Тасты	Сұр-қоңыр сортаңсыз ашық саздақты сортаң шөлді сортаң жеңіл жазды	7,0	мал шаруашылығы	15
11	Жайылым	700	Жуантөбе	Сұр-қоңыр шалғынды шөлді сортаң орташа сазды	6,0	мал шаруашылығы	15
12	Жайылым	1000	Жуантөбе	Ашық солтүстіктің дамымаған сұр топырақтары, орташа тасты-қиыршақ	7,0	мал шаруашылығы	15
13	Жайылым	1000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр кәдімгі дамымаған орташа құмды саздық	7,0	мал шаруашылығы	15
14	Жайылым	1000	Жуантөбе	Жеңіл солтүстік сұр, дамымаған, жеңіл сазды	6,0	мал шаруашылығы	15
15	Жайылым	1000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	15
16	Жайылым	1000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	15
17	Жайылым	1000	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	15
18	Жайылым	1500	Жуантөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	6,0	мал шаруашылығы	15
19	Жайылым	300	Қаратау	Сұр-қоңыр шалғынды шөлді сортаң орташа сазды	7,0	мал шаруашылығы	15
20	Жайылым	1000	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	15
21	Жайылым	1000	Қаратау	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	15
22	Жайылым	2000	Қарақұрт	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8,0	мал шаруашылығы	15
23	Жайылым	1500	Құмкент	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	7,0	мал шаруашылығы	15
24	Жайылым	2000	Созақ	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	8,0	мал шаруашылығы	15
25	Жайылым	885	Созақ	Шөлді сортаңды сұр-қоңыр ашық сазды топырақ	8,0	мал шаруашылығы	15
26	Жайылым	700	Созақ	Солтүстік сұр, орташа сазды топырақ	7,0	мал шаруашылығы	15
27	Жайылым	237	Сызған	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	7,0	мал шаруашылығы	15
28	Жайылым	100	Сызған	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	9,0	мал шаруашылығы	15
29	Жайылым	500	Сызған	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	7,0	мал шаруашылығы	15
30	Жайылым	160	Сызған	Жеңіл солтүстік дамымаған орташа тасты-қиыршықты	3,0	мал шаруашылығы	15
31	Жайылым	360	Сызған	Сұр-қоңыр кәдімгі дамымаған орташа құмды саздық	9,0	мал шаруашылығы	15
32	Жайылым	414	Шолаққорған	Дамымаған солтүстік сұр, жеңіл сазды топырақ	3,0	мал шаруашылығы	15
33	Жайылым	180	Шолаққорған	Солтүстік кәдімгі сұр, орташа сазды топырақ	9,0	мал шаруашылығы	15
34	Жайылым	550	Шолаққорған	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	3,0	мал шаруашылығы	15
35	Жайылым	560	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаң аздап қиыршық тасты	10,0	мал шаруашылығы	15
36	Жайылым	1000	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9,0	мал шаруашылығы	15
37	Жайылым	500	Жартытөбе	Сұр-қоңыр сортаңдар тақыр тәрізді шөл сортаңы	9,0	мал шаруашылығы	15

### Жайылым 32258га: Барлығы 32258 га

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 43-1 бабының 6-тармағына сәйкес, ауданның, облыстың маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдер қабылдауды тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында және жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік он бес күн өткен соң бастайды. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау және тіркеу-өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде, ал конкурс қайта өткізілген жағдайда, он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Аудандық жер қатынастары бөлімі.

## Жыл толды үлкен жүрек тоқтағалы

«Ойлап тұрсам дүние шалақ екен, бір-біріне адамдар қонақ екен»,—деген халық даналығындай, пейілінің кеңдігі, жан дүниесінің пәктігімен айналасына мейірім шуағын шашып жүретін, жаны жайсаң Қалжеков Бауыржан Беркінбайұлы ағамызды қайтпас сапарға қимас көңілмен шығарып салғанымызға да жыл толыпты-ау...

Қуанышы мен қайғысы қатар жүретін бұл фәниде өмір мен өлім алмасып, алғашқысы соңғысына орын босатып жатқан қу тірлік қой. Тіршілігінде өнегесін көріп, тәлім алған аяулы ағаның бақилық сапарға озғанына жыл болғанымен, мейірімді дидары мен асыл қасиеттері жадымызда мәңгі сақталатыны сөзсіз.

«Санаулы күн,  
Санаулы ай,  
Санаулы жыл.  
Санаулы жүріп самалдар ағарды кіл.

Уақытты не пайда санағаннан,

Ала тұғын өмірде бағаңды біл»,—деп Мұқағали айтқандай, аяулы ағаның бүгінде артында аңызға айналған асыл қасиеттері мен ізгі істері ғана қалды.

Даңғаза мақтанып-масаттанудан жаны ада, қашанда тынымсыз тірлік пен мызғымас бірліктің ортасында жүретін, адал еңбегімен елінің қадірлі де қасиетті азаматы дәрежесіне көтерілген жүрегі мейірімді, ісі қайырымды Бауыржан ағамызды еске алғанда, көз алдымызға сымбатты да бидай өңді, иман жүзді, ақжарқын мінезді азаматты елестетеміз! Адами болмысы ерекше еді... Жеке бас ұқыптылығында, тиянақтылығында шек жоқ, күнделікті киім киісі мен жүрісі де жоғары талғамға сай, үлгі-өнеге аларлық бекзат болмыс еді. Текті тұлға дегеніміз осындай-ақ болар деп ойлайсың.

Қарт Қаратаудың баурайындағы Қаратау ауылында дүниеге келіп, сонау ару Алматыда жоғары оқу орынын тәмамдап, талай қызметтерде біліктілігі



мен, іскерлігімен, білімділігімен танылған арда азамат еді Бауыржан ағамыз. Амал нешік, бұйрық келген соң бұл жалғанмен қоштасып кете барды.

Бауыржан Беркінбайұлы Теріскей өлкесіне талай көмек қолын созып, жомарттық танытып жүретін азамат болатын. Ол кісіні жұртшылық меценат, қолы ашық қайырымды жан ретінде білетін еді.

Жомарттық істерінің бірін мысал ретінде айтар болсақ, Бауыржан ағамыз Созақ ауданының 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған ақынды айтысына Алматыдан арнайы көлік алып келіп, жүздеген тіккені бар. Бұл ісі барша өнерсүйер қауымның ыстық ықыласымен ел жадында қалды. Ақын-жазушылардың кітабын шығару, оларға рухани қолдау білдіру, көпбалалы, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға материалдық көмек беруде біз білмеген қайырымды да сауапты істерін елден естіп біліп жатырмыз. Жалпы Бауыржан Беркінбайұлының мұндай қайырымды істері жайлы айта берсек тауыса алмаспыз. Болмысы бөлек азамат еді ғой шіркін! Көзі тірі болғанда әлі талай істердің басы қасында болып, тындырымды тірліктері толастамас еді деп ойлаймыз.

Бүгінде артында қалған ұрпақтары, ағайын-туыс, бауырлары, жора-жолдастары мен замандастары осы бір жарқын

бейнені сағынышпен еске алады.

«Өткен адам болады көзден таса,

Өлді, өшті, оны ешкім ойла-маса.

Ол кетсе де белгісі жоғалмайды,

Көректің ескеріп ұмытпаса», — деп Шәкәрім айтқандай, Бауыржан ағамыз өмірден өтсе де ізгі істері ел жадында сақталып, ұмытылмайтыны, керуен көші жылжыған сайын, оның азаматтық тұлғасы мұзарт шыңдардай биіктей беретіні сөзсіз. Бауыржан аға мына фәни дүниеде бойындағы әкенің қаны, ананың сүтімен дарыған тектілігін парасаттылығымен, көркем мінезімен, көпшілікпен сыпайы қарым-қатынасымен, тоқетерін айтқанда биік болмысы, кісілік келбетімен адамгершіліктің ғажайып үлгісін көрсете білді. Асыл аға артына қалдырған мол рухани мұралары арқылы саф алтыннан құйылғандай ғұмырлық зәулім мүсінін сомдап кетті.

Бауыржан Беркінбайұлы Қалжековтің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл азаматтың жарқын бейнесін сағынышпен еске ала отырып, Қаратау ауылы, Абай көшесіндегі әкесі Беркінбайдың шаңырағында **4 маусым күні – қонақ асын, 5 маусым күні – жылдық асын** өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз. Баршаларыңызды Бауыржан ағамыздың рухына бағышталатын Құран ішінде болуға шақырамыз.

Халқымыз аруақ еске алған сайын бір аунайды деседі, ағайын-туыс, ұрпақтары мен әріптес-қызметтестері еске алып жатқан жақсы ағамыздың нұрын құдайым о дүниелік мәңгілік рахатта болатын қайғысыз, қамсыз әлем жәннәттың төрінде шалқуды нәсіп етсін!

**Индира БЕРКІНБАЕВА,**  
қарындасы.

## Тырысқақтың алдын алу

Тырысқақ (cholera) — қауіпті жіті ішек жұқпасы, Халықаралық медициналық – санитарлық ережелерге сәйкес жұқпаларға жатқызылады, бұл халық денсаулығына ықпал етуі және халықаралық мағынасы бар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулауаттылығы саласында төтенше жағдайлар туғызуы мүмкін. *Vibrio cholerae* бактериялары ас қорыту органдарына түсе салысымен сыйық, ауырсындырмайтын, жиі іш өтуге әкелетін токсин бөледі. Ал жалпы улану тоқтаусыз құсқа әкеледі. Адам өзінен көп көлемде сыйықтық шығара бастайды, нәтижесінде ағза сусызданып, адам өліп кетуі де мүмкін. Жұқпа таралуының жалғыз көзі — ауру адам немесе тырысқақ бойынша қолайсыз аймақтан келген қоздырғышты нәжіс немесе құсқық арқылы бөлетін вибриотасымалдағыш. Қоздырғыш жұқтырылған тамақ және су (жиі кездеседі) арқылы адам ағзасына түседі, ауру адаммен қатынаста болғанда немесе тұрмыстағы заттарды пайдаланғанда жұғады.

Тырысқақ өте жұқпалы, және оған балалар да, ересектер де шалдығады. Басқа ішек ауруларынан ерекшелігі ол бірнеше сағат ішінде дені сау ересек адамның өзін өлімге душар етеді. Өлім коэффициенті 30-50 пайызға дейін жетеді.

Медициналық көмек дер кезінде жүгінсе, және емдеу дұрыс жүргізілсе, аурудың соңы, көп жағдайда сауығумен аяқталады. Ауру таралуының негізгі себебі қауіпсіз судың тапшылығы не жоқтығы, санитариялық қаралдардың болмауы, бұған қоса, қоршаған ортаның нашар жағдайы, жеке бас гигиенасының сақталмауы болып табылады.

**А.КУЛМЕНОВ,**  
**ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК ТОФ**  
**Созақ аудандық бөлімше басшысы.**  
**З.РАЙЫМБАЕВА,**  
**зертханашы.**

## Сібір жарасынан сақ болыңыздар!

Сібір жарасы-адамдар мен жануарларға ортақ аса қауіпті, қоздырғышы жанасу механизмі арқылы берілетін, тері қабатының зақымдалуымен организмде қызба және интоксикация сепсис дамумен сипатталатын жұқпалы ауру.

Ауру қоздырғышы-«бациллас антрацис» деп аталатын қозғалу қабілеті жоқ, таяқша тәріздес микроб, сыртқы ортада спора түзеді. Спора түрінде микроб сыртқы ортада ұзақ уақыт ондаған жыл бойы өсіп-өну қабілетін жоймайды, аязға, ыстыққа шыдамды келеді. Оттегі микробтың спора түріне айналуына жағдай жасайды, сол себепті сібір жарасына күдікті малды сойып, ішін жарып көруге болмайды. Адамның ауруға шалдығуы көбіне ауру малға күтім жасағанда, соғанда, терісін алғанда және ауру малдың өнімдерінен жұғуы мүмкін. Малға ауру микробпен ластанған жайылым шөбі, ішкен суы арқылы жұғады. Ауа райы ыстық, құрғақ болған жерлерде ауру тез тарайды. Ауру қоздырғышы ауылшаруашылық жануарларының ағзасына түскеннен кейін, көбейіп, қан арқылы тарап, 1-3 күннен кейін ауру тудырады. Бұл ауру жануарларда әдетте ауыр түрде өтеді және көбіне ішек жолдарының бұзылуымен басталады. Іштің кебуі, қызудың көтерілуі байқалады, зәрі мен сүтіне қан араласып шығады. Ауру малдың денесінде қанталаған іріңді ісіктердің, жаралардың пайда болуы мүмкін. Ауру асқынғанда мал өледі. Ауруды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауылшаруашылық жануарларын жыл сайын сібір жарасына қарсы егу жұмыстары жүргізіледі. Жануарларға егу жұмыстарын ветеринарлық мекеменің мал дәрігер мамандары тегін жүргізеді. Егу жұмыстары кезінде жануарлардың толық егілуін қамтамасыз еткен жөн. Өлген жануарлар тіркелген жағдайда тез арада ветеринар маманға хабарлау қажет, өлген жануарды өз бетінше сойып, жарып көруге болмайды. Ауру малды жасырып сойып, етін, терісін, жүнін және тағы да басқа өнімдерін саудалау-адамдар мен жануарлардың ауруға шалдығуына әкеледі. Шаруашылық иелері, меншігінде малдары бар дамдар ҚР «Ветеринария туралы» заңға сәйкес мал ауырған немесе өлген әрбір жағдайда шғыл ветеринар маманға хабарласуыңыз керек. Ауылшаруашылық жануарларын ұстау ережелерін мққият сақтаңыздар.

**ТО АШБ «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ**  
**МКК Созақ аудандық филиалы.**

## 2022 жылғы қаңтар-сәуірге Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2022 жылғы Қаңтар-сәуір	2022 жылғы қаңтар-сәуір, 2021 жылғы қаңтар-сәуірмен, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер <sup>1)</sup>		
Халық саны, адам (2022 жылғы 1 сәуірге)	63 544	100,8
Туылғандар, адам	414	93,4
Өлгендер, адам	74	104,2
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	313	70,0
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	607	91,3
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2022 жылдың 1 тоқсаны	17 951	102,2
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2022 жылдың 1 тоқсаны	390 213	147,2
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн.теңге	9 987,0	109,2
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	931 427	101,2
Кетерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	261 255	100,1
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	143 403 156	103,1
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	4 512,2	100,7
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	1 819,3	155,9
Іске қосылған тұрғын үйлер, м <sup>2</sup>	7 230	103,7
Қаржы жүйесі <sup>2)</sup>		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	241 196,4	2,0 есе
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	135 184,5	115,9
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	204 250,4	178,2

<sup>1)</sup> 2022 жылғы қаңтар-наурыз айы деректері

<sup>2)</sup> 2022 жылғы I-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

## КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 1 МАМЫРҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	2022 жылғы 1 мамырдағы
Барлығы	470
Мемлекеттік	103
Жеке	367
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	8
Шетелдік	-

Созақ АСБ

## ІШШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2022 жылдың 1 мамырға 3255 бірлікті құрады.

2022 жылғы 1 мамырға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде				Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары		
	ШОК заңды тұлғалары <sup>2)</sup>	2022 <sup>1)</sup>	2021	2022 <sup>1)</sup>		2021	
2022 <sup>1)</sup>	2021	2022 <sup>1)</sup>	2021	2022 <sup>1)</sup>	2021		
3 255	2 903	265	240	1 921	1 702	1 069	961

<sup>1)</sup> Жедел деректер.

<sup>2)</sup> Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

## ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2022 жылғы қаңтар- сәуірдегі халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІЖА тобы	Бруцеллез	Жітті вирустық гипатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тұмау	Менингококк жұқпасы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
11	6	14	226	-	-	11	-

<sup>1)</sup> ҚР ҰАМ ТҚО ОҚО ТҚҚД деректері бойынша.

Созақ АСБ

## ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

2022 жылғы қаңтар-сәуірдегі ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны\*

Тіркелген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық сипаттары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	қиянқылқатар
57	19	-	23	6	9

\*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

## Жарамсыз деп танылсын

Каратилеков Асан Несипбаевичтің атындағы №0050879 санды жүргізуші куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.



## Құттықтау!

## Құрметті Құрмаш Нұрманұлы!



Сізді 25 мамыр 30 жасқа толған туылған күніңізбен шын жүректен, ыстық ықыласпен құттықтаймыз!

Ауданымыздың мәдениеті мен өнерін насихаттауда, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мен дамыту бағытында біршама үлес қосып жүргеніңізді білеміз, әрі әріптесіміз ретінде мақтаныш тұтамыз! Жылына бір рет келетін 25 мамыр-отбасылық туылған күн мерекең өзіңе, отбасыңызға, сізге деген жанашыр жандарға тек жақсылығымен келсін!

Сізге зор денсаулық, шығармашылық табыстар, жан-жақ жақсылықтар мен таусылмас қуаныштар тілейміз!

**Игі ниетпен: «Созақ үні» газетінің кәсіподақ ұжымы.**

## Байытылған ұнды таңда

Ұнды фортификациялау оны адам ағзасына қажетті дәрумендермен және минералдармен байытуды білдіреді. Құрамында темір бар дәрумендер мен минералдарды сатып алғаннан гөрі фортификацияланған ұнды сатып алған әлде қайда тиімді. Темірмен байытылған ұнды қолдану адам ағзасында темірдің артуына әкелмейді. Ұнды қажетті минералдармен байыту минералды заттардың жетіспеушілігін алдын алады.

Барлығымыз білетіндей, бидай әлемдегі кең таралған астық дақылы болып табылады, адамдар оның көп үлесін тұтынады. Бидайдың табиғи құрамы В1 (тиамин), В2 (рибофлавин), В6 (пиридоксин), Е дәрумендеріне, ниацинге, сонымен қатар, темір мен мырышқа бай. Алайда, осы қоректік заттар бидайдың сыртқы қабығында жинақталғандықтан, ұнды тарту кезінде олар өз құрамын жоғалтып алады. Бұл ретте ұнды фортификациялаудың көп көмегі тиеді.

Бидай мен жүгері ұндарын фортификациялау (дәруменмен байыту) бірнеше жылдан бері көптеген елдерде қарастырылып келеді. 1992 жылы БҰҰ-ның балалар мүддесі туралы бірінші Саммитінде дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі көптеген елдерде денсаулыққа қатысты маңызды мәселе екендігі мойындалды. Денсаулық сақтаудың дүниежүзілік жағдайы туралы баяндамада денсаулыққа қауіп төндіретін ең маңызды әлемдік факторлардың ішінен йод, темір жетіспеушілігі, А дәрумені, цинк айқындалды. Темір жетіспеушілігі әлемдегі ең көп кездесетін қоректік заттардың тапшылығы болып табылады.

Астықты қайта өңдеу өнеркәсібі саласының әзірле-

ушілері мен технологтары ұн адамға қажетті микроэлементтерді «жеткізуші» ең ыңғайлы және қол жетімді әдіс деген шешімге келді.

Дамыған елдерде бидай ұны ең алдымен В1, В2 және темір дәрумендерімен фортификацияланады. Кейбір елдерде кальций, фолий қышқылы, Д дәруменін де қосады.

Қазақстанда ұнды фортификациялау үшін Орталық Азияның климаттық, географиялық және басқа да факторларын және халық қажеттілігін ескере отырып, Қазақ тағамтану академиясымен арнайы әзірленген дәрумендер мен минералдардың (премикс) қоспасы қолданылады. Премикстің құрамында В1 дәрумені (тиамин)—1,3%, В2 дәрумені (рибофлавин)—2,0 %, В3 дәрумені (ниацин)—6,7 %, фолий қышқылы—1,0 %, темір—33,5 %, цинк—14,7% бар. Өндірістің соңғы кезеңінде арнайы құрылғының (дозатор) көмегімен жоғары және бірінші сұрыпты 1 тонна ұнға 150 грамм премикс қосылып, жақсылап араластырылады.

Денсаулықты сақтау мен қалпында ұстау үшін нан-тоқаш өнімдерін дайындау кезінде тек фортификацияланған (дәрумендермен байытылған) ұнды қолдану керек. Сауда жүйелерінде ұн және кондитер өнімдерін сатып алған кезде өнімнің қандай ұннан жасалғаны туралы қызығушылық білдіріп, сұрау керек.

**А.КУЛМЕНОВ,  
Бөлімше бастығы,  
М.НОГАЙБАЕВА,  
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО»  
ШЖҚ РМК ТО бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесінің санитариялық-гигиеналық зерттеулер зертханашысының зертханашысы.**

## Еңбек қоғамына 20 қадам

Асқаралы алпыстың асуына шыққан аптал азамат Мақсат Барлыбайұлымен Созақ ауылында өтетін әр түрлі мәдени-спорттық іс-шараларда жиі кездесетін едім. Жылдар жылжып алыстаған сайын алып тұлғалы азамат ауылдың аға буын ақсақалына біртіндеп айналып келе жатыр. Мәкең Наурыз мерекесі, 1 Мамыр, 9 мамыр Жеңіс күндері өтетін мәдени көпшілік шараларда кір тасын көтеріп, арқан тартып, күреске түсіп мереке ажарын аша түсетін еді.

Мақсат Барлыбайұлы 1962 жыл 31 мамырда Созақ ауылында дүниеге келген. 1969 жылы қыр-



мен, «Облысқа еңбегі сіңген» медалімен марапатталған білікті маман иесі.

*Алпыс деген арман асу бел екен,*

*Алпыс деген терең, мөлдір көл екен.*

*Алпыс деген сағыныштар сарғайған.*

*Алпыс деген бөгет бұзар сел екен.*

*Асқаралы айбыны мен асқары,*

*Ағаларым ұлы жолға баптады.*

*Жетпіс, сексен, тоқсан, жүзің ол дағы,*

*Алпыс жастың бұлтсыз ашық аспаны.*

*Ағалар-ай арқалаған қайратты,*

*Тік көтерген желбіретіп*

## Адал еңбектен абырой жинаған

күйекте Созақ селосындағы В.И.Ленин атындағы Созақ орта мектебінің бірінші класына барады.1979 орта мектепті онжылдық білімімен бітіріп шығады.

В.И. Ленин атындағы орта мектебінде Созақ ауылындағы 1979-80 оқу жылында аяқтап, одан СПТУ-51-Созақ ауылдың кәсіптік техникалық училищесіне оқуын жалғастырып, оны да ойдағыдай бітіріп шығады. 1980-82 жылдары Совет Армиясы қатарында Ресейдің Читинский облысында екі жыл азаматтық борышын өтейді. Өмірдің ызғары мен аптабында шыңдалып өсейе түседі. 1983 жылдың ақпан айынан Созақ орман шаруашылығында 19 жыл орманшы, 10 жыл аға орманшы, 1 жыл орман молықтыру инженері қызметтерін абыройлы атқарады. Қазіргі таңда орман шебері қызметін атқарып бір мекемеде 39-40 жылдан бері тапжылмай еңбек етіп келеді.

Әкесі Жұмабеков Барлыбай көп жыл мал шаруашылығымен айналысқан шаруа адамы болса, анасы, аяулы жан Жұмабекова Рысбибі 11 баланы дүниеге әкелген алтын құрсақты ана. Бүгінгі таңда 86 жаста «Батыр ана» алтын медалінің иегері. Немере, шөберелерінің ақылман әжесі, ардақты да абзал жүректі бас иесі.

Мақсат 1985 жылы болашақ жұбайы Оразкүл Жұмашовамен көңіл жарастырып, шаңырақ құрып, екеуі бүгінгі таңда 5 ұл-қызды тәрбиелеп отырған бақытты отбасының ұстандыры. Үлкен ұлдары Нұртас «Қаратау» біріккен кәсіпорында оператор қызметі атқарса, келіні Нұрбақыт ақ желеңді абзал дәрігер. Арайлым, Гүлфарида атты қыздары өмір жолдарында өз теңдерін тауып, бір-бір жаняра болып өз қам-қаракетімен өмір кешуде. Ақмырза «Русбурмашта» өндірістік мекемесінде көлік жүргізушісі, келіні Саңдуғаш мектепте мұғалім болып, ұстаздық ұлы жолда келеді. Кенже ұлы Мағжан әке жолын қуып, бүгінгі күні орман шаруашылығында өрт сөндіруші болып жұмыс істейді. Құдайдың берген 12 немересі бар.

Мақсат Барлыбайұлы облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың, аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың бірнеше алғыс хаттарымен, мақтау қағаздарымен, дипломдары-

байрақты.

*Құтты болсын, алпыс деген ақыл жас,  
Тойға шақыр ауылың мен аймақты.*

*Ұл мен қыздың қызығын көр шаршама,  
Ізгі тілек айтылар шын қаншама.*

*Бақыт деген комплекті қуаныш,  
Нұрын шашқан өзіңменен баршаға!*

Мақсат Барлыбайұлы «Жасыл желек», «Жасыл белдеу», «Таза экологиялық аймақ» атты тың бастамаларға қал-қадірінше үлес қосып жүрген азамат, білікті кәсіп иесі. Орман саласының біз білмейтін қыры мен сырын қырық жылдық еңбек тәжірибесінде терең меңгеріп, туған өлкесінің басты байлығының бірі жасыл орманды күзету жолында тер төгіп келеді. Сырттай қараған адамға қолы бос, жұмысы мен аймағының болып көрінгенімен апталап, айлап үй бетін көрмей тау мен тасты, құм мен шөлейтті аралап халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүрген майталман маманның ерен істері елдің назарынан тыс қалған емес.

Мақсат ағамыз Созақ ауданының орманды аймақтарын, оның ішінде аймақтың ішкі өсімдіктер мен жан жануарлар әлемін жетік, әрі терең білетін мамандық иесі. Тәжірибесі де мол, еңбегін адал терімен теріп жүрген азамат. Бүгінде Мәкең үлкен, аға буын санатында сексеуіл тұқымын жинау, егу, күтіп баптау, орман өртінің алдын алу сияқты күнделікті тынымсыз еңбектің басы қасында, жастарға, жаңадан келген мамандарға ақылшы, ұстаз, ағалық қамқорлығы, пайым-парасаты зор маман иесі,-дейді Созақ орман шаруашылығы мекемесінің директоры Жүнісхан Мырзаханұлы.

Президентіміздің жасыл желекті көркейту бағдарламасы жолында Мақсат Барлыбайұлының жарқын да жалынды еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі, өнеге болып қалары сөзсіз. Бүгінгі күні мерей той иесі, отбасы тірегі, ауылы мен аймағының сыйлы азаматы Отанымыздың ұшы қиыры жоқ сайын даласын орманды алқапқа айналдыру жолында еселі еңбегін жалғастырып келеді.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан  
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
Теңізбаев Сәрсенбек  
**САЙЛАУБЕКҰЛЫ**

Жауапты хатшы:  
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы-

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.